



Олар тақтардың үстінде қарайды; (35) "Кәпірлер, істегендерінің пайдасын көрді ме?" (36)

84-ІНШИҚАҚ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. жиырма бес аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Аспан жарылған сәтте, (1) Лайықты болып, Раббына бой ұсынған кезде, (2) Жер созылған сәтте, (3) Ол, ішіндегіні шығарып босатқан сәтте, (4) Раббына бой ұсынып, лайықты

болған кезде; (5) Әй адамзат! Негізінде сен Раббыңа қарай өте тырыссаң; сонда Оған жолығасың. (6) Ал енді кімнің дәптері оңынан берілсе; (7) Сонда Ол, дереу жеңіл есеппен есептеледі. (8) Ол, үй-ішіне қуанып қайтады. (9) Ал және кімнің дәптері арт жағынан берілсе; (10) Сонда ол, дереу өлім шақырады. (11) Қайнаған тозаққа түседі. (12) Өйткені ол, өз үйінде мәз-мейрам еді. (13) Негізінде ол, әсте (Аллаға) қайтпаймын деп, ойлады. (14) Олай емес. Расында Раббы оны көздеуде еді. (15) Жоқ, шапақ уақытына, (16) Түнге әрі ішіндегі нәрсеге, (17) Толған айға серт. (18) Әлбетте сендер, бір жағдайдан бір жағдайға өтесіңдер. (19) Сонда оларға иман келтірмейтін не болды? (20) Оларға Құран оқылған кезде, сәжде қылмайды. (21) Әрине кәпірлер "Өтірік" дейді. (22) Алла олардың бүкпелеген нәрселерін жақсы біледі. (23) (Мұхаммед Ғ.С.) оларды күйзелтетін азаппен шүйіншіле. (24) Бірақ иман келтіріп, түзу ғамал істеушілерге таусылмайтын сыйлық бар. (25)